

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

4 сәуір 2023 ж.

№3/1

Атырау қаласы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі №3 отырысында облыстық Экология департаментінің басшысы Ә.Бекмұхаметовтың «Ірі табиғат пайдаланушы кәсіпорындармен табиғат қорғау шараларының орындалуы туралы» баяндамасын және Қоғамдық кеңестің Экология, табиғат пайдалану және аграрлық мәселелері жөніндегі комиссиясының зерделеу жұмыстарының қорытындысын тыңдап

ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетіне:

1) «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының режимін қатаңдату мүмкіндігін қарастыру, резерват қызметіне мониторинг жүргізуді;

2) «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты аумағында өрттің алдын алу үшін «Қазақстан Ғарыш Сапары» спутниктік бақылау мүмкіндіктерін қарастыруды;

3) Қамыс өртіне байланысты «Қызыл кітапқа» енген құстардың өліміне немесе олардың тіршілік ету ортасының өзгеруіне байланысты Халықаралық тәуекелдерді анықтауды;

4) «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты аумағында 2023 жылғы 2-4 сәуір аралығында орын алған өрттен келген залал көлемін жариялау ұсынылсын.

2. Атырау облысы әкімдігіне:

1) «Ақ Жайық» мемлекеттік табиғи резерватының материалдық-техникалық базасын күшейту мақсатында мекемені жергілікті атқарушы билік органының балансына беруді;

2) Ірі кәсіпорындардан қаржыландырылатын экологиялық және әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларды Қоғамдық кеңестердің қарауына шығаруды;

3) «ТШО», «НКОК» және «АМӨЗ» компанияларының қатысуымен Атырау қаласының атмосфералық ауасына кешенді зерттеулер жүргізудің бірыңғай бағдарламасын жасауды.

Мерзімі: 2023 жыл 1 маусымға дейін;

4) Мұнай өндіруші компаниялардың мүмкіндіктерін тарта отырып, Атырау қаласының атмосфералық ауасына кешенді зерттеулер жүргізуді.

Мерзімі: 2023-2024 жыл

5) Мұнай өндіруші компаниялардың ӘИЖ (әлеуметтік инфрақұрылымдық жобалар) бағдарламасы бойынша қаражат тарту арқылы Атырау қаласында «Денсаулық» Орталығын ашып, Атырау облысының тұрғындарына оңалту іс-шараларын жүргізуді. Мерзімі: 2023-2024 жыл

6) Желдің бағыты мен жылдамдығын, ылғалдылықты және басқа параметрлерді ескере отырып, атмосфералық ауаның ластануының «Онлайн картасын» жасауды. Мерзімі: 2023 жылғы сәуір-мамыр

7) Мұнай өндіруші компания өкілдерін тарта отырып, қала әкімінің жанынан «көгалдандыру мәселелері бойынша» жұмыс тобын құруды және суаруға арналған жасыл технологияларды қолдана отырып, көгалдандырудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеуді.

Мерзімі: 2023 жылғы 30 сәуір

8) Атырау облысының Атырау қаласы және Жылой аудандарын «Экологиялық қолайсыз өңір» деп танып, Қазақстан Республикасы Үкіметі деңгейінде шешім қабылдау үшін 6 ай мерзім ішінде тиісті құжаттар дайындауды;

9) Қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қауіп төндіретін мәселелер бойынша «төтенше жағдайлар жариялау өлшемшарттарын» әзірлеуді;

Мерзімі: 2023 жылғы сәуір-маусым;

10) Өнеркәсіптік компаниялардың қажеттіліктері үшін баламалы су көздерін зерттеу жөніндегі комиссия құруды;

11) Облыстық Қоғамдық кеңес мүшелерімен барлық жаңа, жоспарланған жобаларды талқылауды;

12) Облыстық қоғамдық кеңестермен компаниялардың су тұтыну мәселесін, әсіресе табиғи көздерден суды тұтынуды жоспарлап отырған жобаларды да талқылауды ұсынады.

3. Мұнай өндіруші ірі компанияларға (ТШО, НКОК)

1. 2023 жылдың 4 сәуірінде өткен Облыстық Қоғамдық кеңесте қабылдаған Қарармен, облыс әкімдігіне берілген Ұсыныстардың іске асырылуына жәрдемдесуді, қаражат пен мамандар бөлуді, табиғатты қорғау іс – шаралар жоспарына енгізуді;

2. Компанияларға өнеркәсіптік қалдықтар мен ағынды суларды қайта өңдеу және кәдеге жарату кезінде мердігерлері пайдаланатын технологиялар туралы толық және сенімді ақпарат беруді, экологиялық заңнаманы бұзған жағдайда мердігер компаниялардың жауапкершілігі туралы ақпаратты жұртшылыққа ұсынуды;

Мерзімі: 2023 жылғы 30 мамыр;

3. Облыстық Қоғамдық кеңестің отырысында табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарын талқылауды қамтамасыз ету ұсынылады;

4. «Теңішевройл» ЖШС-не:

1) Булану алаңдарына төгілетін төгінділердің рұқсат етілген шамадан тыс асып кетуін болдырмауды;

2) Қоршаған ортаның жәй-күйіне Атырау қаласында және Жылой ауданының (оның ішінде Құлсары қаласы) «ТШО» объектілеріне жақын орналасқан елді мекендерінің атмосфералық ауасының жәй-күйін бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

Мерзімі: 2023-2024 жылдар.

3) «ТШО» ЖШС-нің жаңа мұнай қондырғылар құрылысын жүргізуіне байланысты санитарлық қорғау аймағының шекарасын қайта қарастыруды;

4) Компанияның жыл сайынғы жоғарғы күкіртті мұнай өндіріс қорының өсуіне байланысты, «Игілік» бағдарламасының қаржыландырылуын жылдық таза пайдасының 1%-на дейін жеткізу ұсынылады.

4. «НКОК» ЖШС-не:

1) №102 «Самал», №117 «Қарабатан» ауа сапасын бақылайтын автоматты станцияларында «күкіртсутегінің» шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып кетуін болдырмау;

2) Атырау қаласының оңтүстік шығысында «роза ветров» жасыл белдеу құру. Жасыл желектерді суару үшін «Соколок» каналының өткізу қабілетін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау.

Мерзімі: 2023 жылғы мамыр-маусым;

3) Атырау қаласы мен Батыс Ескене ауданында атмосфералық ауаға көзделіп отырған қызметтің кумулятивтік әсеріне бағалау жүргізу;

4) Көгалдандыру жұмыстарын іс-шараға сәйкес кешіктірмей жүргізу;

5) Технологиялық процестің су тазарту қондырғысын аяқтау;

6) Күкірттің шектен тыс мөлшерден асу фактілерін жою;

7) ӘИЖ (*әлеуметтік инфрақұрылымдық жобалар*) бағдарламасының жылдық қаржыландырылуын Атырау облысы үшін кемінде 50 миллион АҚШ долларға жеткізу ұсынылады.

3. «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-не:

1) Зауыт қызметі туралы, оның ішінде атмосфералық ауаға жіберілген шығарындылар мен сұйық, қатты түрдегі ластаушы шығарындылар туралы тұрақты түрде ақпарат жариялауды;

2) «Тухлая балка» булану алаңын қалпына келтіруді аяқтауды;

3) Атырау облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша «Жол картасының» тармақтарын орындауды;

5) Ұйымдастырылмаған шығындылар көздеріне талдау жүргізуді, олардың санын қысқартуды және мұнай өнімдерін құю /төгу эстакадаларын буларды рекуперациялау қондырғысымен жарақтандыруды;

6) Көгалдандыру жұмыстарын кешіктірмей жүргізуді;

7) Апаттық жағдайдағы ашық қоймаларды жоюды;

8) Тазалық бағдарламасын қаржыландырудағы ахуал және 2028 жылға дейінгі бағдарламаның мерзімдері не себепті жылжытылғаны туралы тұрғындарға ақпарат беруді.

Мерзімі: 2023 жылғы 25 сәуір

9) «Тазалық» бағдарламасының орындалуы туралы 2023 жылғы 25 сәуірге Қоғамдық кеңеске kogamdykkenes@bk.ru ақпарат беру ұсынылсын.

6. Денсаулық сақтау басқармасына:

1. Қоршаған ортаға қатысты қауіпті жағдайлар туындағанда емханаларда азаматтарды жазылусыз қабылдайтын және денсаулығының нашарлауын тіркейтін кезекші дәрігер бөлу мүмкіндігін қамтамасыз ету ұсынылады;

7. Төтенше жағдайлар басқармасына:

Ауаның ластануы кезінде уланудың ықтимал белгілерін сипаттайтын және азаматтардың өзін ұстау мінез-құлық жадынамасын әзірлеу ұсынылады.

Мерзімі: 2023 жылғы маусым-шілде

8. Ішкі саясат басқармасына:

1. Экология бойынша Төтенше жағдай туралы ақпаратты тарату және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттау үшін барлық БАҚ пен әлеуметтік желілерді пайдалану ұсынылады.

9. Экология департаментіне:

1) Қоғамдық кеңес отырысында қабылданған Қарардың «Ірі табиғат пайдаланушы» кәсіпорындармен орындалуын қадағалауға алу және тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, қорытындысын 2023 жылдың қарашасына кезектен тыс кеңес отырысында баяндау ұсынылсын.

10. Қоғамдық кеңестің Экология, табиғат пайдалану және аграрлық мәселелер жөніндегі комиссиясы (Ш.Изтелеуова)

Осы Қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау міндеттеледі. Әр айдың 30-на Қоғамдық кеңестің хатшылығына kogamdykkenes@bk.ru ақпарат беруді тапсырамын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов